Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

22 наурыз сейсенбі
№23 (1828)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Наурыз

Құрметті қызылордалықтар!

Баршаңызды бүкіл Шығыс халқына ортақ мейрам, ғасырлар қойнауынан бастау алып, ата дәстүрімізге айналған, сан түрлі ұлттардың бауырластығына арқау болған – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні, күн мен түннің теңеліп, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі!

Наурыз – жаңарған қазақ елінің кешегісі мен бүгінін, ертеңі мен болашағын жалғастыратын, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылатын, арман тілектерімізді айтып, жаңаша жоспар құратын ерекше мерекесі.

Наурыз – ел тарихының айнымас бір бөлшегі, мәдениетіміз бен дәстүріміздің киелі бастауы.

Жасампаздықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы, бабаларымыздың ақ батасы мен өнегелі дәстүрдің көрінісі көктем мейрамы – Әз-Наурыз баршаңызға ырыс, несібе әкелсін. Жанұяларыңызға жылылық сыйласын.

Айналамыз аман, төңірегіміз түгел, бауырымыз бүтін болғай! Әр шаңыраққа Қызыр дарып, Бақ қонсын!

Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек Қазантаев

Наурыз тілек!

Бұл кезде жарар долы өзен тас тығырығын,
Көнеден көші жалғасқан дәстүр. Ұлы күн!
Төбесіне кеп жайғасқан қыран қазақсың,
Тектіліктің еш теңселмес хас тұғырының.

Қалады ұзап кететін жылдан аз көрік,
Бірде мәз болып өтетін, бірде араз болып.
Тезіне бірге түседі шын татулықтың,
Дүдамал күнде жүргендер дүрдараз болып.

Көбесін сөгіп көк мұздың жылға аққан әні,
Сап тізген құстар қанатын бұлғап қағады.
Алты айдан қалған бір асым сүрлерін асап,
Жамау көңілді жамағат жырған қалады.

Берілер дала тербетер қыр самалға ерік,
Жайдары көңіл шуақтан нұр сауар бөліп.
Жағасы, жеңі, етегі, тұлғасы аппақ,
Шапанын шешіп қара жер бусанар келіп.

Жүздерін жұрттың бұратын құбылаға нақ,
Іздерін аңдып, артынан шұғыла қадап.
Оң жақ қолының саусағы буынсыз келген,
Елдің арасын жүреді Қыдыр аралап.

Енді кешпеген қасірет қайраңы болсын,
Алаштың жұрты ақшуақ айнаны көрсін.
Қаймана қазақ, қадірлі Қыдыр атамыз,
Сенің де шаңырағыңның мейманы болсын!

Қазбек Сағидолда

Қош келдің, жаңа жылым!

Шынтуайтына келгенде біздің жаңа жыл енді келді. Жәй келген жоқ, күн мен түнді теңестіріп, күллі тіршілік атаулыға жан бітіре келді. Айналаға нұр шашып, көктемнің лебін сездіре келді. Осы бағаммен алғанда кешегі қаңтар қасіреті өткен жылдың еншісінде қалады. Олай болса табалдырықтан енді ғана аттаған барыс жылы елге құт пен бақ әкелсін. Қазақтың мәртебесі бәрінен үстем болсын.

Наурыз мейрамы – табиғаттың шын мәнінде жарасым табатын кезі. Бұл күні ағайын-туыс, дос-жарандар бір-бірінің үйін аралап, ренжісіп қалған жандар болса кешіріп, үлкені кішіге ізет, кішісі үлкенге құрмет көрсететін, төс қағыстырып амандасып, саулық сұрасатын шақ.

Наурыз мерекесі қарсаңында ел ішін Қыдыр аралайды деген де түсінік бар. Бұл өз алдына бөлек әңгіме. Бірақ Самарқанның көк тасы еритін күн тектен-текке жыл басы саналмағаны белгілі. Бұл екі жүз не үш жүз жыл бұрын қолға алынған шаруа емес. Мұның тарихы тереңде. Кеңес үкіметі кезінде діни мереке саналып, көпке дейін тойланбай қалған. Тек туған елдің айбарын көтеріп, тәуелсіздікті жақындата түскен Желтоқсан оқиғасынан кейін екі жыл өткен соң мерекелене бастайды. Онда да қазақтың заңғар ұлдары Өзбекәлі Жәнібеков пен Мұхтар Шаханов бастама көтеріп, 1988 жылдан бері қайта тойлана бастады.

Ертеде осы күні ауыл ақсақалдары:

«Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын» – деген тілек айтып, қырғи-қабақ болып қалған ағайын-туысты, дос-жаранды бір дастарқанға отырғызып, дәм таттырып, табыстырған.

«Қыдыр қонсын басыңа,

Жақсы келсін қасыңа» – деп отбасын құруға шамасы келмеген жалғыз жүрген жетімдерді екеу қылып, өз алдарына жеке отау еткен. Мүмкіндігі шектеулі жандарды жақын туыстарына арнайы аманат-тап тапсырған, күйеуі не әйелі өлген жандарды әмеңгерлік жолымен үйлендірген. Осылайша, жетімі мен жесірін жылатпаудың тамаша әрі тиімді жолын тапқан. Мұнымен қоса жастар жағы сауық құрып, алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Қазақтың көкпар, аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, ақ сүйек секілді басқа да ойындары ойналады.

Мақаланы жазу барысында тұрғындардың да пікірін білген едік. Алдымен «Aray city» сауда үйінен шығып келе жатқан жас шамасы 65-70-терді алқымдаған ағамызды тоқтаттық.

– Ассалауағалейкум, Наурыз мейрамы құтты болсын, аға!

– Уағалейкумассалам, рақмет айналайын!

– Аға, мен Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің журналисі едім.

– Содан қызық!

– Наурыз мерекесі жайлы жұрттың пікірін жинап жүр едік. Бұл – қандай мереке? Өскелең ұрпаққа беретін тағылымдық, тәлімдік мәні бар ма?

– А, қалқам, түсінікті. Мен Сәрсенбай Аманбайұлы деген осы Қызылорданың тұрғынымын. Наурыз – ырыс пен берекенің, молшылықтың мерекесі. Бұл – ұлтты жақсылыққа ұйыстыратын күн. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында, тіршілік атаулы қайта түлер уақытта тойланатын бұл мейрамды бұрынғылар жылдың басы санаған. Осы сәтті пайдаланып, ел аман, жұрт тыныш болсын деген лебіз білдіргім келеді, – деп ағынан жарылды.

3 БЕТТЕ

БҮГІНГІ САНДА:

ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР…

Қазақтың салт-дәстүрінде тұнған тәрбие жатыр. Уақыт алмасқан сайын бүгінгі ұрпақ біле бермейтін салт-дәстүрлер де жетерлік. Наурыз мейрамы қарсаңында ұмыт болған салт-дәстүрлерді оқырман есіне салғанды жөн көрдік.

Бел көтерер – қарт адамдарға дәм беру. Қарт кісілер ерекше күтімді қажет етеді. Үлкен кісілерге жақын-жуығы, көршілерінің арнайылап үйіне дәм апарып беруін «Бел көтерер» деп атаған.

Өңір салу – бұл тойдан кейінгі салт. Мұны әже-апалар орындайды. Олар жаңа түскен келінге шашу шашып, сыйлық сыйлайды.

Көгентүп – Алыста тұратын туыстарына балаларымен бірге қыдырып барғанда үй иесі сәбидің алғаш келуіне арнап мал атайды.

Үлпершек – тұрмыстағы қызына әкесінің сарқыт ретінде беріп жіберетін тағамы. Бұл ата-анасының қызын сағынғанын, қонаққа шақырғанын білдіреді. Мұны жылқының жүрегінен дайындап, ұн толы қапқа бір ай бойы сақтап, содан кейін дайындайды.

Қазан шегелеу – жақын-туыс, әзіл-қалжыңы жарасқан адамдардың бір-бірінің үйіне топ болып барып, «Осы үйдің қазанын шегелей келдік», – дейді. Үй иесі де әзілмен жауап беріп: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлылық танытып, қазанға ет салады.

Біз шаншу – «біз шаншуға» келгендер ешкіммен сөйлеспей, аттарының ер тоқымын бір жерге жинап, түскі астан соң да кетпей қояды. Үй иесі қонаққа арнап мал сояды. Қонған адам ертесіне сәске түсте үн-түнсіз аттанып кетеді. Әдетте мұндайда үлкен кісілер келеді. Қонақ кеткен соң үйдегілер бар гәпті түсіне қойып, дереу сырмақ қағады, қайрағын іздейді. Содан сырмаққа шаншылған бізді көріп, қайрақтың жоғалғанын біледі. Бұл «ұл ер жетті, қыз бой жетті», құда болайық дегенді білдіреді. Егер қызы бар үй қайрақты сұрамаса, әлгі қонақ болып кеткен үлкендер келіп құда түседі. Келген қонақтың сырмаққа біз шаншуы «бізде ұл бар, ол осы шаңыраққа күйеу болса» дегенді білдіреді. Ал қайрақты алып кетуі – құда болайық дегені.

3 бетте

Күбіні кім пісіп жүр?

Жүн сабап, текемет басатындар қайда кетті?

3 бетте

НАУРЫЗДЫҢ ДУМАНДЫ ШАТТЫҒЫ

Ұлыстың ұлы күні әз Наурыз қазақ халқы үшін қашанда ерекше. Көктемнің келуімен күн мен түн теңесіп, дүйім жұрт қазақтың жаңа жылын тойлауға асығады. Көже пісіріп, қазан түсіріп шат-шадыман болған адамдар Наурызды кең көлемде атап өтеді. Бұл дәстүр биыл да жалғасын тауып, Сыр жұрты Ұлыстың ұлы күнін түрлі дәрежеде атап өтті.

Жаңару айын жақсылыққа балаған сырбойылықтар өткен сенбіде «Денсаулық және демалыс» саябағында көшет отырғызып, қоршаған ортаға оң үлестерін қосты. Наурыз мерекесі аясында өткен шарада зиялы қауым өкілдері, түрлі сала қызметкері, белсенді жастар атсалысты. Саябақ ішінде қызылордалықтар терек, қарағаш, үйеңкі ағаштарының 700 түбін екті.

Игі бастамаға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова да қолдау білдіріп, көппен бірге көшет егіп, әрбір тұрғын тазалықты өз ауласынан бастап, қала аумағын жасыл-желекпен көмкеруге үлес қосуы тиіс екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ аймақ басшысы

сырбойылықтарға жаңару айында бақ-береке тіледі. Облыс әкімі аллея ішінде экологиялық акцияға үлес қосқан жастармен де пікірлесіп, ақжарма тілегін арнады.

4 БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Ұлттық спортты айта қалсақ, ең әуелі ойға атадан балаға мұра болған, осы кезге дейін үзілмей келе жатқан қазақ күресі, садақ ату, бәйге түсері талассыз. Алайда осы спорт түрлері бүгінде өкінішке қарай ауылдың деңгейінен ары аса алмай жүр. Дүние жүзіндегі әр халық өз спортын әлемдік деңгейге дейін көтеріп, онымен қоймай ыңғайына қарай қысқы немесе жазғы олимпиада ойындарына қосуда. Ал біз ше? Біз болсақ күресімізді де дамыта алмай келеміз. Ал жапонның дзюдосын білмейтін әлемде жан жоқ шығар.

2 БЕТТЕ

Наурыз

«Аққожам» дейтін Ләшкер жоқ

(ақын Әскербек досым жайлы толғаныс)

Әскербек екеуміз түйдей құрдаспыз. Кіндік қаным тамған қасиетті топырақтарымыз да іргелес. Ол Қоғалыкөл, мен Шіркейлі ауылынанмын. Жеті жылдықты тәмамдағаннан кейін, Қоғалыкөлдегі орта мектепке қысы-жазы велосипедпен қатынап оқыдық. Мектеп бітірген соң өмір жолымыз алшақтағанмен, кейін тағдыр екеумізді қайта жолықтырды. Мен университетке (ҚазГу) алты жылдан кейін Германияда әскери борышымды өтеп келіп түскенде, Әскербек пединститутты бітіріп қызметке араласып кеткен болатын.

«Сыр бойы» (сол уақытта «Ленин жолы» деп аталады) газетінің бас редакторы болған жылдары шығармашылық байланысымыз нығая түсті. Әсекең лауазымды жоғары қызметте болғанымен, ешқашан қарапайымдылығын жоғалтқан емес.

Досымның адалдығы мен мінезінің биазылығын, жұмсақтығын ерекше айтар едім. Оның біреудің сыртынан әңгіме айтқандығын естіген емеспін. Ақын ретіндегі сезімталдығы сол мінезінен бастау алады-ау шамасы. «Тағдыр дастан» атты өлеңінде:

– Не тұр дейсің пішінімде, түсімде,
Көңілім ақ көлеңке тек түсірме.
Жаманшылық жасағам жоқ адамға,
Арым таза, арамдық жоқ ішімде, – деп ағынан жарылыпты.

Әскербекпен мектепте бірге оқығанымнан басқа тағдырымыздың ұқсастығы да екеумізді жақындастырып жібергендей сезінемін. Әскербек құдай қосқан қосағы Сәбирасынан айырылған кезде, мен Жақсанымды жоғалттым.

Жаңақорғандағы Теріскөл көліне шағымданған ақын:

– Үйренген дүлей дабылға денем,
Жолымнан әзір жаңылған емен.
Қайғылы жайды қабылда менен,
Жоғалттым жарды Сәбира дегендей келе жарына арналған жырларын:
– Батар күн маңып бағиға бақты,
Шабыттың аты шағиға шапты.
Жасаурап жүзі жазира жатты,
Жанбады жұлдыз Сәбира атты, – деп жалғастырыпты.

Белгілі уақыттарды артқа тастап екеуміз де үйлендік. Шүкір, Сабираның орнын басатындай Күлмараш, Жақсанымның орнын басатындай Гүлназия маған кездесті. Қосылған ғашықтарымыздың жағдайларын күйттеп жүргенде кенеттен келген індеттің тырнағына ілініп, Әскербек досым кете барды. Індет жайлаған қиын кезде отбасына көңіл білдіруге де мүмкіндігіміз болмай үйде отырып, дұға жасадық. «Құрдастарымыздың қорасына да қасқыр шапты» деген осы да.

Мәңгілік ештеңе жоқ, қамшының сабындай қысқа өмір. Ал ақын Әскербек досымның ғұмыры ұзақ, өйткені оның жүрек тебірентетін жырлары, артында жоқтайтын ұл-қыздары, жұбайы Гүлмараш қалды.

Мен үшін ең өкініштісі «Аққожам» дейтін ұстазы профессор Әуелбек Қоңыратбаев қойып кеткен Ләшкерім – Әскербек досым жоқ енді. Алла иманын жолдас етсін, пейіштің төрінде кездесуге жазсын.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
профессор

ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қараңызшы, 4 жылда бір рет өтетін олимпиада ойындарына енген спорттың әрбір түрі алғашында бір ғана мемлекеттің шеңберінде ойналары анық. Дейтұрғанмен ебін тауып, әр ел өзінің ұлттық спорт түрлерін насихаттап, дүбірлі доданың бағдарламасына енетіндей дәрежеге жеткізген. Олимпиада ойындарының құрамына ену үшін ұлттық спорт түрі кеңінен насихатталуы тиіс. Мәселен, Азия ойындарының құрамына ену үшін бүкіл Азия елі сол ұлттық спорт түрін мойындауы қажет. Алайда көбінесе біздің ұлттық ойындарымызға насихат жағы жетіспей жататындай. Ал басқа елдер ұлттық спортының насихатталуына көп көңіл бөледі. Осының өзі біздің үлкен кемшілік сынды.

Иә, барлық ел өздерінің ұлттық ойындарын кеңінен насихаттауға тырысады. Мәселен, жапондар дзюдо күресін әлемге таныту үшін 1970 жылдары күреске арналған киімдері мен күресетін татамилеріне дейін дүниежүзіне тегін таратты. Жаттықтырушыларды дзюдоны тегін үйрету үшін жер-жерге аттандырды. Дзюдодан халықаралық жарыстарды жиі өткізді. Сөйтіп, дзюдо күресінің халық арасына кең тарауына жағдай жасады. Осылайша уақыт өте дзюдо олимпиадалық ойындардың қатарына енді. Біздің де қазақ күресіміз басқа күрес түрлерінен еш кем емес. Егер күресімізді біз де жапондардай насихаттасақ, әлемге танылып, мойындалар ма еді, кім біледі?!

Хош. Жеке «бренд» сияқты қылып, «Қазақстан барысын» қолға алдық. Естеріңізде болса, алғашқы пәтте бұл жарыстың жүлде қоры 300 мың АҚШ доллорына жуықтаған. Алайда кейін 100 мыңға қысқартылды. Бұл әлеуметтік желіде біраз дау болған. Дегенмен одан өзгерген ештеңе жоқ. Бұл бір.

Енді ата-бабамыздан мұра боп қалған ат спортына тоқталайық. Аттың құлағында ойнап, жауға шапса, сенімді серігі қылған, тұлпарын жеті қазынаға теңеген қазақтың бүгінгі жайы көңіл көншітерлік емес. Қазіргі таңда қазақ асыл тұқымды тұлпарды ұмытты десек болады. Оны күнделікті өмірде айналаңызға зер салып қарасаңыз, анық байқауға болады. Ертеректе қазақ жері мен орта Азияны нағыз асыл тұқымды жылқының отаны деп есептеген. Қазіргі таңда сол жылқылар Еуропаның ипподромдарында шауып жүр. Жай шауып жүрген жоқ, өнер көрсетіп жүр. «Алтынның қолда бар да қадірі жоқ» деген осы шығар. Ипподром дегеннен шығады-ау, мәселен, осы қаламызда жылына неше рет бәйге ұйымдастырылады? Екеу, бәлкім үшеу... Әйтеуір аз екені анық. Одан бөлек қазір еліміздегі ат орталықтары жекеменшікке айналып, қызметі үшін ақша алатын «сауда орнына» айналған. Хош, біздің мақсат біреуді күндеу емес, басқа. Мынаны қараңызшы, еуропалықтар осынау ат спорты түрінен әжептәуір пайда тауып, қәдімгідей оны кәсіпке айналдырып отыр. Өйткені әр додаға көп мөлшерде ақша қойылады. Жеңген жылқының иесі сол ұтысты алады. Осы ат жарыстарынан үлкен пайдаға кенеліп, нөмірі бірінші спортына айналдырып отырған мемлекеттің бірі – Швеция. Бұл елде жылда жоғары деңгейдегі үлкен бәйгелер өтуі әдетке айналып, бір ізге түскен. Қыстың суығына қарамай қала шетіндегі ипподромдары халыққа толы болады екен. Оған 300 мыңнан әрі АҚШ доллары тігіледі-мыс. Өкінішке қарай біздің спортшыларымыз осындай тәуір жарыстардан шет қалып жүр. Тағы айта кететін жайт, қазіргі таңда Франция бюджетінің 25 процентін осынау ат спортынан түскен пайда құрайды деген ақпарат бар. Ал көрші елдегі аты жер жарған, талай еуропалық футбол және баскетбол клубтарының демеушісіне айналған «Газпром» компаниясы Ресейдегі ат спортының негізгі демеушісі екен. Біздің елде неде болса, ат спортын қолдау мәселесі әлі де ақсап тұр. Жарыс аз өтеді. Еуропа елдерінде ат спортынан жарыс бізге қарағанда 4-5 есе көп болады. Олардың артықшылығы да осында болып тұр ғой.

Тіршілікке жан бітіп, адам өз нанын өзі тауып жеген тас дәуірінен бері келе жатқан садақты қазақ қыз-жігіттері ата алатыны анық. Құралайды көзге атқан талай мерген бізден шықты емес пе?! Тәуелсіздік алғалы 30 жыл уақыт сырғып өтті. Қанша олимпиадаға барсақ та, садақ ату жарысынан үздік ондыққа да кіре алмадық. Осы салада жүрген сала басшылары уақыт өте бәрінің ретке келетінін айтып, жылда сұхбат беріп, жағы талады. Ал спортшыларымыз болса, жағдай жасамағанын алға тартады. Ел ішінде спортты дамытуға, оның ішінде ұлттық спортты көтеруге жыл сайын қаржы бөлінері анық. Кейде осы спорт түрлерінен ақсап жатқанымызды көргенде сол миллиондаған ақша тиісті жерге, өз уақытында жетіп жатыр ма екен деп ойланып қаласың. Ұлттық спортты дамытамыз десек, бізге қаржылық қолдау, ауылдық жерлердегі спорт мектептерін дамыту, жылқыны бабын жасайтын кадрлар даярлау қажет. Әрине, бұл іс ұзақ уақытты керек етері де анық.

Педагогика ғылымының кандидаты Елемес Әлімханұлы бір кездері «Алаш айнасына» берген сұхбатында:

«Бізді ұлттық спортта артқа тартатын кедергі ол – арнайы насихаттың жоқтығы. Қазақтың ұлттық ойындары Наурыз мерекесінде ғана ойналатын дәстүр түрінде ғана қалмай, жаппай халық арасына кең тараған ұлттық ойынға айналса деп тілеймін. Жалпы біздің ұлттық ойындарымыздың 300-дей түрі бар көрінеді. Соның қазір 20-дай түрі ғана халық есінде сақталған. Халқымыздың басынан өткен қилы-қилы кезеңдерге орай, ұлттық спорт ойындарының көбісі ұмытылып кеткен. Дәл қазіргі таңда ұлттық спорт түрлерін дамытуға көңіл бөлетін жағдай бар. Жазушы Герольд Бельгер: «Егер біз ұрпағымызға ұлттық идеяны насихаттайтын болсақ, ол қолға таяқ ұстатқандай дәл, анық болуы керек», – дейді. Осы секілді ұрпағымызға ұлттық ойындарды насихаттар болсақ та, ол дәл, анық ережелерімен болуы керек деп санаймын. Әйтпесе әркім әр жаққа тартқыштап, ұлттық ойындарымыздың негізгі мазмұнынан айырылып қалуымыз мүмкін. Егер балалардың санасына осы бастан ұлттық ойындардың маңыздылығын сіңіре бермесек, ұлттық ойындар маңыздылығын жойып, қолданыстан шығып қалу қаупі бар» – деген еді.

P.S. Ауыр атлетика мен бокстағы жетістіктерге қуанып жүріп, ұлттық ойындарымыздан айрылып қалмасақ болды. Әйтпесе, қымыз да, ою-өрнек те, киіз үй де кешеге дейін қаймағы бұзылмай қазақтікі болды. Алайда сол насихаттың, көңіл бөлудің аздығынан қолда барды қадірлемегесін шетелдіктер соның бәрін патенттеп алды ғой.

Ақтілек БІТІМБАЙ

Басы 1-бетте

САМАУРЫННЫҢ ШӘЙІН САҒЫНДЫМ

«Ақ шәйнек, сары самаурын тұрса қайнап» бұл бүкіл үлкен кісілердің арманы шығар. Таңертең ерте есік алдында түтінін будақтатып самаурынға шәй қою да ауылдың сәні еді. Бүгінде шәйнекті газға не токқа қоя салатын келіндер бұл сәннің мәнін кетірді. Несін жасырамыз, қала түгіл ауылдық жердің өзінен де самаурынның түтінін көру азайып барады.

Осы тақырыпты бастамас бұрын таныстарыма «Самаурынның шәйін кім сағынды?» – деген сұрақ жолдадым. Қуанғаным, көбі сағыныпты. «Самаурынға шәй қойып шақырсай» дегендер де болды. Қазақы иістің әлі де жастар арасында бар екені көңілге қуаныш ұялатты.

Тақырыпқа тұздық болу үшін таңертең ерте тұрып ауыл ішін көріп қайтайын дедім. Тым-тырыс. Таңғы жетіде жұрт ұйқыда жатқан болар, бәлкім. Мүмкін емес, ең болмаса ауылда самаурынмен шәй ішетін бірлі-сарынды үй бар шығар. Үмітім алдаған жоқ. Серікбай ағамыздың үй жағынан түтін будақтап тұр екен. Сонымен, үйге қарай беттедім. Ауылдық жердің ерекшелігі ешқашан есік ілінбейді ғой. Таң атысымен көрші-көршіге кіріп жүре береді.

Есік алдында кернейінен түтіні будақтап, сексеуілдің шоғына сақылдап шәй қайнап тұр екен. Екі иінінен дем алып әрең тұр. «Шіркін қою күрең шәйді ішіп алсам» деген ойға батып кеттім. Ой үстінде тұрғанда Құрманкүл апа «таңғы астан ауыз ти» деп үйге шақырды. Мұның өзі қазақы қонақжайлылықтың көрінісі еді.

Самаурын шәйі да дастарханға келді. Ызылдай шыққан үні де біздің әңгімемізге мән беріп тұр.

– Қазіргі уақытта көпшілік шәйді газға қойып немесе электрлі самаурынның тетігін қоса салады. Бес-он минутта шәй да дайын. Дегенмен бұл заманауи самаурынның шәйін шоқтағы самаурынмен салыстыруға мүлдем келмейді. Кішкентай кезімізден ата-анамызбен самурынмен шәй ішетінбіз. Бұл – ата-бабамыздан қалған үрдістердің ізі. Біз соны жалғастырушы ұрпақпыз. Келер ұрпаққа қалдыру да бізге міндет саналады. Сондықтан ұлттық үрдісті насихаттап келеміз, – деп бастады әңгімесін Құрманкүл апа.

Жұрт қонақ келгенде самаурын таппай әбігерге түссе, апаның үйінде 4-5 самаурын дайын тұр. Онымен күнделікті 3-4 мезгіл шәй ішеді. Арасында газға қоя салу деген болмайды. Үлкендердің ұстанымы тек шоқпен қайнатылған самаурын шәйі. Келіндері де осы әдетке үйренген. Ата мен ененің көңілін тауып, ыстық дәмін дайындап отырады. Қолдарында тұратын Қымбат келіннің күнделікті ісі таңертең ерте тұрып, самаурынға шәй қоюдан басталады. Бұл – ата мен ененің қалауы.

– Күнделікті шәйді самаурынмен ішеміз. Қыста да келіндер ерінбей қояды. Қыста сексеуілдің шоғын салады, тез қайнайды. Жаздың күндері сексеуілдің отынымен қайнатады. Отынды тұтата білсе, шәй қайнату түк те қиын емес. Ерінбей өзім де қойып ішемін. Баптап самаурынмен шәй ішкен отбасымызға ұнайды. Шәйнектің шәйі тез суып қалады. Сосын дастарханнан тез тұрып кететін секілді адамдар. Самаурынның шәйі шаршағанды басады, шөлінді қандырады. Шоқтың өзі қызуы ұрып тұрғанда вирусты жойып жібереді. Ауадағы артық вирустар шоқ арқылы жойылып, үйде тұмау секілді аурулар болмайды. Сексеуілдің шоғы суды сақырлатып қайнатып тұрады. Әрі электр, газ үнемделеді. Отбасында көңіл-күйінді шаттыққа бөлеп отыру келінге байланысты. Келіндерім осы үрдіске үйренген. Қалада тұратын үш келінім де біз барған кезде «ата-енеміз келді» – деп, самаурынға шәй қайнатады. Жер үйде тұрғандықтан бұл аса қиын емес. Сексеуілді апарып дайындап қойған. Бұл да ата-енеге, үлкенге деген құрмет деп түсінемін. Сонысына ризамын. Ал біз отбасымыз түгел жиналып, әңгіме дүкен құрып, ыстық шәйді асықпай ішеміз. Отбасы құндылығы дастарханнан басталады, – дейді Құрманкүл апа.

Серікбай аға мен Құрманкүл апаның отбасында қазақтың дәстүрлері берік қалып-тасқан. Төрт келіні де қазақы салтқа жақын. Балаларын да осы бағытта тәрбиелеуде. «Тәрбие қалай берілсе, ұрпақ солай жалғасады. Ұлттық салт-дәстүрді сақтап қалу, ұрпаққа аманат ету бізге берілген міндет» – деп түсінеді отбасы мүшелері. Мереке күндері қаладағы балалары жиналып, Наурыз мерекесін атап өтпек. Отбасы мүшелері бірге түгел жиналып, бас қосқанда ерекше ғанибет қой шіркін... Үлкен отбасының осындай сәттеріне қарап қызығасың.

Сыйлы кісісіне көңілінің өлшемін білдіретін қазақтың пейілі әрдайым ерекше. Қонақ шақырса сексеуілдің шоғына сақылдатып шәй қайнататын тірлігі де ерекше. Қазақ мәдениетінде ойып тұрып орын алған самаурынды қолданатындар жоқтың-қасы. Сондай-ақ самаурынды жасайтын шеберлер де жоқтың қасы. Оны өндіретін зауыттар да жұмысын тоқтатқан.

Самаурын қазақ даласына XIX ғасырда келген. Ұлтымыздың табиғатымен біте-қайнасып кеткен тұрмыстық бұйым. Қазақтардың төл бұйымына айналып кетті. Самаурын – қазақтың қонайжайлылығы мен кеңпейілдігінің, берекелі дастарханы мен байлығының белгісі болып отыр. Сондықтан болар аса бағалы. Бар кезде бағасын білмейтін әдетіміз бар ғой, қазіргі уақытта самаурын бағасы да құнын түсірмей тұр. Ескі самаурындардың бағасының өзі 30 мыңнан басталады.

Бүгінде самаурынды қалай тұтату керек екенін білмейтін жас келіндер де бар. Сары самаурын көпшіліктің сағынышына айналды. Түтінін будақтатып самаурын қайнатып, суытып шәйін ішетін кездерді мен де сағындым. Жанды жадыратып, дастарханның сәнін келтіретін бұл көрініс аңсатпай қоймайды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Қош келдің, жаңа жылым!

Мұнан соң біз аялдамада тұрған адамдарға қарай бардық. Бұл жерде орта жастағы қазақтың қызы тұр екен. Өзін Нұржамал Сұлтанова деп таныстырған ол ұлттық киімдерді тек наурыз мерекесінде ғана насихаттамай жыл бойы киіп жүрген дұрыс деген ойын білдірді.

Біз сол жерден такси тоқтатып, Small сауда үйіне қарай бет түзедік. Жол-жөнекей таксисті де әңгімеге тарттық. Сұлтан есімді жүргізуші өзі вахталық тәсілмен мұнай компаниясында жұмыс істейді екен. Демалыс күндері осылай қала көлемінде такси болып жүретін көрінеді.

– Тәуелсіздік алған жылы мектепке барған біздер Наурызды ерекше күтетінбіз. Ұлыс мейрамы мерекеленетін күні ауылға қарай тартатын едік. Ауылда қаладағыдан қызық болатындай көрінетін де тұратын. Ауылдағы стадионда бірнеше киіз үй тігіліп, емен де семен көп наурыз көже дайындалатын. Сен іш те мен іш деп жүргенде «жыл көжені тойып ішсең, тоқ боласың» деген үлкендердің сөзін естіп, екі-үш тостағанын тауысатынбыз. Бұл да бір қызық дәурен екен ғой, – дейді Сұлтан.

Межелі жерімізге жеткенде таксистке рақметімізді айтып, көліктен түсіп қалдық. Small-дың алдына қарай ентелеп асыға басып келеміз. Ішімнен алдымыздан біз сұраған сұраққа жауап беретін бір әжей кездессе деп тілеп келемін. Құдайдың құдіреті шексіз ғой, мен іздеген кейіпкер кездесе кетті.

– Амансыз ба, апа!

– Аман ба, айналайын!

– Апа, мен наурыз жайлы мақала дайындап жүрген журналист едім. Сізден наурыздың мән-мағынасын сұрауға келіп тұрмын, – дедім. Әлгі апам алғашқыда аң-таң болып, аңтарыла, «ойпырмай, бұл қалай болды?» дегендей таңырқай қарады. Сөйтті де – қарағым, шынымен менен пікір алатын болсаң, онда асықпай ана орындыққа отырайық, – деді. Келісе кеттім.

– Балам, менің есімім – Тұрашкүл. Жасым 78-де, – деп бастады сөзін. Жұрттың көпшілігі наурызды көже ішумен ғана шектеп қояды. Бұл дұрыс емес. Наурыздың өзіндік нақыштары бар. Алдымен Қыдыр ата беретін бата. Наурыз батасы Наурыз мерекесінің ерекше сипатын бата ашады десек қателеспеспіз. Мереке күні ақсақалдар үй-үйді аралап, бата беретін болған. Бұл батаның сөздері «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп өріліп жатады. Оның да өзіндік сипаты мен пәлсапалық маңызы бар. Батаның бұл түрі наурыз көже ішілгеннен кейін де беріледі. Жұртшылық қазыналы қарттардың батасына түгел қол жайып, іштей тілек тілейтін болған. Наурыз бата әз-мереке кезінде берілетіндігімен ерекшеленеді.

Бұдан кейін Наурызнаманы атап өту керек. Яғни шат-шадыман, ойын-сауық. Тойда ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт сайысы, айтыс, түрлі ойындар өткізіледі, көңілді жұмбақтар, ән, өлеңдер, наурыз жырлары айтылады. Наурызнамада қыздар жиналып бас қосып, ұйқышашар әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны «селт еткізер» деп атайды.Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иіссу – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі.Бұл айда наурызшешек деген гүл өседі. Бұл гүл майының дәрілік қасиеті бар. Қазақстанның таулы аймақтарында оның бірнеше түрі өседі. «Наурызшешек» «Қызыл кітапқа» енген, сирек кездесетін бағалы өсімдік. Сонымен қатар наурызек деп аталатын құс бар. Ол – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құсты шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер «Наурызегім келдің бе?» деп шақырып жем шашады. Наурызекті ешкім қумайды, үркітпейді. Енді барып наурыз көже жайлы айтайық. Наурызкөже – Наурыз тойына тән көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып мерекемен құттықтауға келгендерге ықыласпен ұсынады. Наурызкөженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор, – деді апамыз. Бір кісіден осынша мәлімет алған біз әрі қарай ел аралауды тоқтатып, апамызға ризашылығымызды білдірдік.

Кімнен сұрасақ та Наурызды бірлік пен татулықтың мерекесі деп айтады. Наурыз жаңа күннің бастауы десек, онда жылдың да бастауы екені айдан анық. Қалай деген күнде де табиғат жарасым тапқан кез тіршіліктің бастауы болып қала бермек.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ,
Суреттерді түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

КҮБІНІ КІМ ПІСІП ЖҮР?

– Анашым, сен неге айранды күбімен піспейсің? Әжем күбіге қатықты құйып, піспекпен, былай-былай піседі, – деп қояды 7 жасар қызым Айару.

«Бала тілі – бал ғой». Көргенін, естігенін айтып жүреді. Дегенмен, бұл айтқан әңгімесінің астарында үлкен мән жатыр еді.

Көктем мезгілі басталысымен әкемнің үйінен қолдың айранын арнайы ішетіндер мен сұрайтындар қатары көбейді. Ауылдағы кез келген отбасындағы тіршілік осындай. Бұл мезгілде ағарған молайып, оны қаладағы туыстарына беріп жатады, кейде қаладағылар балаларын ағарған ішіп қайтсын деп бізге жібереді.

Қазіргі уақытта аядай ауылдан күбі табу да қиын. Бүгінгі таңда пысықай келіндер айранды арнайы жасалған құрылғымен піседі. Алайда күбімен айран пісудің өз ерекшеліктері де бар.

– Күбімен пісіп, қолыңызды ауыртып қайтесіз. Шелекке құйып пісе салмайсыз ба, – деймін анама.

– Ата-бабамыз жасаған әр заттың өзіндік қасиеттері жетерлік. Қазіргі таңда күбі пісу ұмытылып барады. Бүгінгі келіндер күбіні ұмытып, арнайы құрылғымен май алады. Ол дұрыс емес. Айранды ағаш күбімен пісіп, майын алғанға жетпейді. Әрі денсаулыққа да пайдалы. Оның өз әдісі бар. Сонда ғана дәмі айрықша болады, – дейді ол кісі.

Анам әуелі күбіні суға салады. Өйткені суға салғанда ағаш ісініп, жарылған тұстары бітеледі. Одан кейін 5-6 сағат тұрып, ұйытылған қатықты күбіде пісе бастайды. Оның температурасы жылы да, қатты мұздай да емес бірқалыпты болуы керек. Сол кезде сұйылып, май түседі, айран бөлінеді. Сары майын тұздап жіберіп, күнделікті пайдаланады. Оның айтуынша, әжелеріміз артық айранды жинап, шүберек дорбаға құяды да, астына табақ қойып қояды екен. Дорбада қалған қоюынан құрт жасаса, табаққа тамшылаған сары су – асқазан ауруларына бірден-бір ем көрінеді. Сонда біздің ата-бабаларымыз қалдықсыз өнім өндірген болып табылады.

Күбі, әдетте қатты ағаштан – жиделен жасалады. Піспегі де солай. Жұмсақ ағаштан жасалса, іші бірте-бірте үгітіле бастайды. Аталмыш ыдысқа күтім керек. Ол сан ғасыр өтсе де қазақ халқының сүт өнімдерін алуға негізделген құралы болып сақталып келеді. Күбі апта сайын кептіріліп, сүр еттің майымен, қойдың құйрығымен майланып, тобылғы, жүзген, құлмұрын ағаштары, қоғажай шөбі түбінің түтінімен ысталып отырады. Күбіде пісілген қымыздың да дәмі өзгеше. Қымыз бен айранның бойындағы бар дәрумен тек ағаш күбіде ғана сақталады.

Ауылда тұрса да құрт жасауды, күбі пісуді білмейтін қыз-келіншектер бар екені жасырын емес.

– Бүгінде жұмысты жеңілдетудің небір тәсілдері шығып жатыр. Мына айран пісіруге арналған құрылғы қол күшін тіпті де керек етпейді. Ол электр қуатымен жұмыс істейді. Қатықты құйып, ток көзіне қосып қойсаңыз болды, 15-20 минуттан соң майы түсіп тұрады. Әрі ол уақытта басқа тірліктерімді бітіріп аламын. Күбімен пісіп, қолымды ауыртып тұрғаннан осы жақсы ғой, – дейді Гүлназ есімді келіншек.

Осындай қасиетті ыдыстан пісіп шыққан айранның денсаулыққа пайдалы екенін жастар біле бермейді. Себебі, оның орнын газды сусындармен алмастырған. Мәселен, айран – шөлімізді қандырады әрі тойымды тамақ, қазақтың ең танымал ұлттық тағамының бірі. Ата-бабамыз кешкі астан соң, міндетті түрде 1 кесе айран ішкен. Бұл асты қорытуға көмегін тигізеді екен. Кішкентай нәрестелерге де ауру-сырқаудан сақ болсын деп айран берген. Кез келген тағаммен бірге қонақ алдына да сол өнімді ұсынған. Бұл – қонақжайлылықтың белгісі. Осылайша қазақтың дастарханынан айран үзілмеген. Тіпті үйге жылан кіргенде де басына ақ құйып, шығарып салған.

Ал бүгінде дайын асқа үйір болдық. Қазақтың ұлттық тағамдарын тұтынумен қатар, аттарын да ұмыта бастадық. Қолдан жасалған сүт өнімдерінің пайдасын білсек те, көбіне дүкендердегі дайын өнімді алуға етіміз үйреніп кетті. Ұлттық құндылықтарды көзіміздің қарашығындай сақтағанымыз артық емес.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Жүн сабап, текемет басатындар ҚАЙДА КЕТТІ?

Бұрын ауылда киіз басу кішігірім той болатын. Бұл іске қыз-келіншектер белсене кірісетін. Самаурын, самаурын шай қайнап, келіндер үлкен қазанға ас әзірлеп, әжелер киіздің ою-өрнегін салатын. Аталған көріністерге қарап, текемет басу – ауыл тұрғындарының ауызбірлігін нығайтып, ынтымақ пен бірлікке шақырғанын ұғасың. Бұл – біздің бала күнімізден қалған әдемі естелік.

Ал қазір ше. Өкінішке орай қазір текемет басу жоғалып барады. Бүгінде қала халқы тұрмақ, оған ауыл тұрғындары да үрке қарайды. Үлкендердің айтуынша, шамамен 1996 жылдан кейін ұлттық өнердің бұл түрі ұмыт бола бастады. Расында, ауылда жүн сабап, текемет басудың соңғы жағын біздің буын ғана көріп үлгердік-ау шамасы. Тіпті қазір текемет төселген үйді көрмейсің. Осыған қарап киіз басу мүлдем жойылып кете ме деген күдік те жоқ емес. Себебі жылына малдың жүнін қырқатын ауыл тұрғындары жүнді қайда жіберерін білмей, өртейді. Бұрғынғыдай жүнді тазалап, түтіп, ұршықпен жіп иіріп, киім тоқып, киіз басатындар жоқтың қасы. Қазір қарап отырсақ, киіз бен текметтегі әрбір ою-өрнектің мән-мағынасы мен сыры барын ұғамыз. Алайда ең маңыздысы олардың адам денсаулығына пайдасы көп екені ескерілмей отыр.

Ұлт өнерін заманауи үлгіде қайта жаңғыртып жүргендер бар. Осыдан екі-үш жыл бұрын Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылына іс-сапармен барғанда «Айзере» деп аталатын жүн түтетін цехтың жұмысымен таныстық. Жеке кәсіпкер Мейрамкүл Романқұлова «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы арқылы 1 млн теңге жеңілдетілген несие алып, осы кәсіпті бастаған. Сөйтіп, текемет басып, киіз үй жабдықтарын дайындауда. Сондай-ақ Арал ауданының халқы да жүн сабап, тазалап, одан жүншұлық тоқиды. Ал Назарбаев зияткерлік мектебінің бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Қуаныш Үркінбаев ұлтық өнерді заманауи үлгіде қайта жаңғыртып жүр.

Бала кезден сурет салумен әуестеніп, есейе келе осы өнерді серік еткен кейіпкеріміз киіз басуды беріде қолға алды. Шығармашылық адамы болған соң мәдени шараларға жиі қатысады емес пе?! Сондай халықаралық деңгейдегі көрменің бірінде қой жүнінен салынған суретке көзі түседі. Көп дүниенің ішінен ерекше көз тартқан картинаға қызыққан ол осылайша, жаңа өнерді игермекке бел буады. Текемет басудың алғашқы қадамы жүннен сурет салудан басталыпты.

– Әуелде қызығушылық жүннен сурет салудан басталды. Сәтті шыққан туындылар сұраныска ие болды. Кейін тұтынушылар «Текемет баса аласыз ба?», «Киіз бассаңыз қайтеді?» деген ұсыныс айтты. Осыдан соң пайдалы дүниені неге жасап көрмеске деген ой келді. Әрі ұлттық өнерді жаңғыртып, қолданысқа енгізсек игі іс емес пе?! Киіз басу технологиясын зерттеп жүзеге асырдым. Сұраныска сай текемет басып, ол көпшілік көңілінен шықты. Негізгі шикізатты өзге өңірден алдырамын. Көбіне меринос, қазақы қызыл қойдың жүнін тұтынамын. Қажетті бояуларын да табиғаттан аламын. Мәселен, «Меринос» қойының жүні биязы, жіңішке талшықты, жұмсақ келеді. Сондықтан одан жасалған бұйымдар әсемдікке қолданылады. Бұл өнімнен жасалатын текеметті көпшілік тұсаукесерге қолданады. Сондай-ақ кеудешелер, қол сөмке, тақия, моншаға керекті бұйым жасаймыз. Ал қызыл қойдың жүні тығыз, қалың болғандықтан төсенішке таптырмас дүние. Одан жасалған киіз тығыз, қалың болады. Тұтынушының талғамына сай етіп дайындап береміз. Қазір жасанды дүниелер көп қолданыста ғой. Тұрмысқа қажетті барлық заттың құрамы синтетикалық талшықтан тұрады. Оның адам ағзасына тигізер пайдасы жоқ. Ал жүннен жасалған бұйымдар ертеден қолданыста бар нағыз табиғи, таза өнім. Тіпті бояуының өзін жантақ, қарағай, жусан сынды өсімдіктерден аламыз, – деді Қуаныш Үркінбаев.

Кейіпкерміз қой жүнін пайдалана отырып, текеметтен бөлек түрлі заттар жасайды. Қолөнер шеберін қынжылтатын дүниелер де бар. Әңгіме барысында өз базынасын да айтып қалды. Расында, ұлттық құндылықтарды тек Наурыз мерекесінде ғана еске түсіріп, ұлықтаймыз. Жасыратын несі бар?! Оның өзінде жылда жаттанды «алтыбақан», «арқан тарту», «асық ату» сияқты дәстүрлер қайталана береді. Ал жыл өткен сайын киіз басып, алаша тоқу еленбей бара жатыр. Осы тұста Қуаныш аталған ұлттық өнерді облыстық мәдениет басқармасы қолға алып, үйірме ашып, жас буынға дәріптеуге қолдау білдірсе, үйретуге қашанда дайын екенін айтып қалды. Қарап отырсақ, қазіргі ұрпақ киіз бен текеметтің қалай басылуын білмейді. Тіпті арамызда заты түгіл, атын да естімегендер бар. Мәселен, Түркіменстан, Өзбекстан сияқты елдер өздерінің осындай ұлттық құндылықтарын басты орынға қойған. Сондықтан олардың өнімі шекара асып, сұраныска ие болуда. Ал бізде ше? Жылына бір рет те болса текемет басудан көрме өтпейді. Әйтпесе, Қазақстанның барлық өңірінде мықты шеберлер бары анық.

P.S. Өзгенің өніміне қызыққанша, өзіміздің өнімді дәріптейік. Келешек ұрпақтың жадында қалуы үшін барынша күнделікті өмерде қолданайық. Сондай-ақ текеметтің денсаулыққа пайдасы көп. Осы орайда қой жүнінің суық өткізбейтін, қан айналымын жақсартатын қасиеті барын ерекше атап өткен жөн. Соны ескерген ата-бабамыз тәй-тәй басқан сәбидің астына да текемет қойған. Қазіргі кезде кәдесый ретінде беруге киіз сөмкелерге тапсырыс жоғары. Киізден бұйым жасау әзірге осылай ғана жаңғырып жүр. Алдағы уақытта үлкен деңгейде киізбен текеметті дәріптеп, ұмыт қалдырмай, ұлықтайтын кез де келер деп үміттенеміз.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТКЕН ЖЫРШЫ

Облыстық филармонияның концерт залында белгілі жыршы-жырау Марат Сүгірбайдың «Батыр баба» атты концерті өтті. Шарада жыршы «Жанқожа батыр» дастанын жырлады.

Концертке жиналған қауымға дастанды бір жарым сағат бойы тоқтаусыз жырлаған Марат Сүгірбай көрерменнің рухын көтеріп, бір серпілтті. Концертке елге белгілі қаламгерлер мен жыршы-жыраулар да келді.

Жанқожа батырға арналған өлең-жырлар мен дастандар түрлі нұсқада тараған. Әрбір дастанның көркемдігі жоғары, өз кезеңінің тарихи оқиғаларымен суреттелген. Бұл дегеніңіз батыр ерлігін таңды-таңға ұрып жырлауға дайын халық жыршыларының, дастан жазған ақындардың бабаға деген шексіз құрметінің белгісі. Концертті тамашалаған Сыр жұртшылығы рухани байып, жыршының талантына тәнті болды.

«Ақмешіт-ақпарат»

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің 2022 жылдың 11 наурыздағы №569-04 хатына сәйкес, 2022 жылдың сәуір айының 1-ші жұлдызынан бастап жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне 1 вагон/км ҚҚС-сыз 45,85 теңге мөлшерінде тариф енгізілгендігі жөнінде хабарлайды.

БИН: 050740006845

«Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК әкімшілігі.

Наурыз

Қыздырған сөздің көрігін

Балалар жылына тарту ретінде Сыр төрінде республикалық оқушылар айтысы өтті. «Көктем нұры» атауымен айшықталған дода әз-Наурыз мерекесінің ажарын ашты.

Сөз додасында еліміздің 5 өңірі мен Қызылорда қаласы және Сырдария, Шиелі аудандарынан келген 10 айтыскер бақ сынады. Айтысқа сусап келген тұрғандар сөзден қамшы өрген арқалы жас ақындардың өнеріне тәнті болды.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова айтыстың алқасын қыздырып, сөз додасына түскен жас ақындарды қолдап, Балалар жылы аясында оқушылар арасындағы айтыстың Қызылордада басталуының өзіндік мәнін атап өтіп, өнірде айтыстың орнына тоқталды.

– Ойлы сөзді айта білген айтыс ақындарын халық қашан да құрмет тұтқан. Облыста айтыс дәстүрлі түрде үздіксіз өтіп келеді. Сыр елі өзінің әрідегі Нартай, Манап, кешегі Маханбетқали, Замаддин, берідегі Серік, Елена, Әбілқайыр, бүгінгі Мұхтар, Нұрмат, Мейірбектей аймақ айтысын асқақтатып жүрген ақындарымен мақтанады. Соның ішінде айтыстың Ақтаңгері Мұхтар Ниязовтың үш мәрте «Алтын домбыра» иегері атанып, мәңгілікке сыйға тартуы – ұлттық өнеріміздің Сыр еліндегі мәртебесінің көрсеткіші секілді. Бүгін, міне, ұрпақтар сабақтастығының белгісіндей республикамыздың түкпір-түкпірінен дарынды, ойы зерек, темірқанат жас түлек ақындарымыз Сыр өңіріне жиналып отыр, – деді облыс басшысы.

Сөз құнын жоғары қойған жас ақындардың сөз додасына белгілі айтыскер ақын, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Бекарыс Шойбеков, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, Сыр сүлейі Мұхтар Ниязов және белгілі жыршы-термеші, халықаралық конкурстарының лауреаты, халықаралық ақын-жыраулар Одағының мүшесі Амандық Бүрлібаев төрелік етті.

Айтыс қорытындысы бойынша халық ақыны Манап Көкенов атындағы бас жүлде мен ақшалай сыйлық қызылордалық Мейіржан Қартбайға табысталды. I орын маңғыстаулық Ерсұлтан Аушановқа, II орын шиелілік Әмірхан Эльдарға бұйырды. Сондай-ақ Тараз қаласының тумасы Алихан Яшар мен ақтөбелік Нұрадин Арай III орынды өзара бөлісті.

Мұнан бөлек арнайы номинация жеңімпаздарына 100 мың теңгеден 5 жүлде табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

НАУРЫЗДЫҢ ДУМАНДЫ ШАТТЫҒЫ

Басы 1-бетте

Тазалыққа үндейтін сенбілік сәтте қызылордалықтардың басын қосқан «Birge – Taza Qazaqstan» экологиялық акциясы әрі қарай жалғасын тауып, өңірді жасыл желекке айналдыру үшін түрлі деңгейдегі сенбілік алдағы уақытта да ұйымдастырылмақ.

Ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесін облыстық ішкі саясат басқармасы мен оған қарасты мекемелер де кең көлемде атап өтті. Өскелең ұрпаққа кешегі өткен халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеп, ұлттық қасиеттерімізді бойына сіңіріп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастыру мақсатында өткен шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Айтулы шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова мен облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай қатысып, Сыр халқын Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мерекелік шара барысында қазақтың ұлттық құндылықтары жалғасын тауып, бүлдіршіндердің тұсау кесу рәсімі жасалды. Ұлттық спорт ойындарынан асық ату, арқан тарту, гір көтеру секілді жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды.

Ақжарма ауылдық округінде қала әкімдігінің ұйымдастыруымен Наурыз мерекесіне орай кент және ауылдық округ жастарының басын қосқан «Qosyl думан» атты мерекелік шара өтті. Мерекеде ауыл жастары арқан тартыс, аударыспақ, теңге ілу, асық ату, гір көтеру сынды ұлттық спорт түрлері бойынша сайысқа түсіп, көпшілікке Наурыз көже ұсынылып, бауырсақ таратылды.

Жастардың ұлттық спортқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында ұйымдастырылған бұл шарада командалық есеп бойынша I орынды Қосшыңырау ауылдық округінің жастары жеңіп алса, II орынға Ақжарма, III орынды Ақсуат ауылдық округінің жастары лайық деп танылды. Сайыс жеңімпаздарына алғыс хат, диплом және бағалы сыйлықтар табысталды.

Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап отырған мекемелердің бірі «Альтайр-Бөбек» қоғамдық қоры орталығында ұлттық құндылықтардан сыр шертетін мерекелік Наурыз шарасы өтті. Балаларды арнайы құттықтап барған қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов жылы лебіз білдіріп, қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі тұсау кесу рәсімін жасады. Ұлттық мерекені ұлықтаған шараға қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі арқылы күндізгі стационар жағдайына жолдама алған қызмет алушы 40 бала қатыстырылды.

М.Ералиева атындағы мәдениет үйінде қазақ халқының әдет-ғұрпын сақтау, салт-дәстүрін қадірлеу мақсатында «Қыз – еркем, өнерімен көркем» атты дәстүрлі қалалық байқауы өткізілді. Ережеге сай таныстыру, өнер көрсету, ұлттық салт-дәстүрлерге қатысты сұрақтарға жауап беру мен өздері дайындаған тағамдарын көрсету бөлімдері бойынша қалалық 17 ару сайысқа түсті.

Өнерлерін ортаға салып, өзара сайысқа түскен аруларға белгілі жырау Майра Сәрсенбаева, «Ел тілегі» сайты бас редакторының орынбасары Жансая Дүйсенбайқызы, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №3 кітапхананың меңгерушісі Гүлмира Мұқанова қазылық етті.

Шараның нәтижесінде №187 ақпараттық технология мектеп-лицейінің оқушысы Ботагөз Инабат бас жүлде, А.Хангелдин атындағы №179 орта мектебінің оқушысы Назерке Ерболқызы I орын, Ілияс Қабылов атындағы №12 IT мектеп-лицей мен М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейінің оқушылары Нұрай Темірбек пен Айзада Өмірбек II орынды, Көмекбай Қаракөзов атындағы №235 орта мектеп пен Ғани Мұратбаев атындағы №171 орта мектебінің оқушылары Мереке Рысбек пен Арайлым Өмірзақ жүлделі III орынды иеленді.

Мерекелік думан Сырдың әр көшесінде сезілді десек те болады. Соның бірі – Асан Тайманов көшесі. Тұрғындар мерекені жоғары деңгейде ұйымдастырып, ұлттық ойындар ойнатылды. Шиелі ауданындағы Құрманғазы көшесінде де Наурыз мерекесі ерекше тойланды.

Наурыздың думанды мерекесі бүгін де тойлануда. Сыр жұртшылығы орталық алаңда өткізілетін шарада Наурыз нақыштарын тамашалай алады.

А.НҰРАЗҒАЛИ

© Нұрболат Нұржаубай

Қара домбыраның қасиеті

– Домбыра мұнша шешен болдың неге?
Күй толған көкірегің шежіре ме?
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,
Саусағым тиіп кетсе ішегіңе.

Бұл – ақын Қасым Аманжоловтың домбыра жайлы өлеңі. Екі ішекті осы бір музыкалық асбап ұлтымыздың қасиетін айғақтап жатқандай көрінеді. Оның пайда болуы туралы аңыз көп. Соның бірі – «Мұңлық пен Зарлық» оқиғасы. «Ертеде бір хан қызының кедей жігітпен көңіл жарастырғанын сезіп қалады да жігітті дарға асуға бұйрық береді. Екі қабат болып қалған қыз мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап-жасыл үлкен бәйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді. Сәбилердің көз жасы толған бәйтерек солады, жүрегі тоқтаған нәрестелермен бірге ағаш та қуарады. Қаңқу әңгіме халық арасында жата ма, оны естіген қыз егізін іздеп, жолға шығады. Жолдан шаршаған қыз бала ағаш түбіне келіп, демалады. Құлағына күмбірлеген сарын естіледі. Қайдан шығатын әуен екенін білгісі келіп ағаш үстіне шығып тыңдаса, жаңағы бәйтерек сынып кетеді. Ағаш түбінен басына дейін іші қуыс екенін көреді. Екі басында бұтақтан-бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Екі ішек самал желмен тербеліп, одан әуен шығады екен. «Егіз құлынымнан қалған жұрнақ осы болар» – деп сол ағаштан аспап жасап алады. Батысқа қараған ішегі бостау, шығысқа қараған ішегі қаттылау керілген екен. «Астыңғы ішек жіңішке дауысты қызым Зарлық, ал, үстіңгі ішек бос қоңыр дауысты ұлым Мұңлық болсын» – деп екі ішекке ат қойып, домбырасын тартып, күй шығарып кеткен екен» – дейді аңыз-әңгімеде.

Бұдан бөлек домбыра ішегі үш ішекті болған екен. Оған қатал хан қорғасын құйдырып, бір ішегі үзіліпті деген де әңгіме бар. Бұл жайында «Ақсақ құлан» деген күй де шыққан. Ерте заманда Шыңғыс ханның ұлы құлын аулауға шығып, үйірді бастап жүрген басшы құланды жаралайды. Ызалы құлан аңшыға тап беріп, оны өлтіреді. Шыңғыс хан бір сұмдықтың болғанын сезіп, баласы туралы жаман хабар әкелген адамның көмейіне қорғасын құямын дейді. Сол кезде бір кісі келіп домбыра алып, бір күйді тарта жөнеледі. Хан осы күй арқылы бәрін түсінеді, сөйтіп, сертін бұзбас үшін, домбыраның көмейіне қорғасын құйғызады.

Домбыра туралы қандай аңыздан сыр тартсаң да оның қасиетті екенін аңғарасың. Қадыр ақынның: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деп жырлауында терең мағына бар. Одан төгілген күй мен әуезді әуеннің өзі үлкен әңгімеге арқау бола алады.

Қара домбыра өзін қадірлей алатын, қасиетін білетін жанның қолына тисе күмбірлеп сала береді. Содан болар, жанына осы бір ұлттық асбапты серік еткендер оны лайықты мұрагерге тапсыруға тырысады. Құрманғазы өз өнерін Динаға мирас қылса, Сүйінбай домбырасын Жамбылға аманаттағаны белгілі. Сол секілді Құдайберген Жұбановтың да домбырасы айналып келіп Нұрпейіс ақынның қолына тиген. Бұл жайында ақын Әбділдә Тәжібаев пен мәдениеттанушы Бердалы Оспан жазды.

Оқиға желісі былай баяндалады. Профессор Құдайберген Жұбанұлына өкімет басшылығы тарапынан «халық жауы» деген жала жабылып тұтқынға алынған соң, ғалымның отбасы қиыншылық көріп үйдегі заттарын сата бастайды. Бір күні ғалымның жұбайы отағасының домбырасын сату туралы да ұйғарымға келеді. Ғалымның інісі Ахмет Жұбанұлы сол кезде досы Әбділдә Тәжібаевқа телефон шалып, жеңгесі ағасының домбырасын сатайын деп жатқанын айтады. Содан Әбділдә ақын Мұхтар Әуезовтен қарызға ақша сұрап, Жұбановтың домбырасын сатып алған екен. Әбділдә Тәжібаев: «Аяулы адамның аяулы дүниесі екені көрініп-ақ тұр. Сыртқы қабының өзі екі жерден кілттеледі екен. Ал, ішін қара-қошқыл кейде қызыл-күрең де боп көрінетін барқытпен астарлапты. Кебуі әбден жеткен, шертіп қалсаң ішексіз-ақ дыңылдап тұрған ағаштан жасалған домбыраның сырлауы да келісімді-ақ, сырты қызыл қына секілді де пілдің сүйегімен ұқсас болыпты. Құлағы мен тиегі де бір ағаштан жасалыпты» деп алған домбырасын бейнелейді.

Бір күні қазақтың белгілі ақыны Нұрпейіс Байғанин Әбділдә Тәжібаевтың үйінде қонақта болып, әлгі домбыраны сұрап алған екен. Әбділдадай тұлға «Аталармен кездесу» атты естелігінде осы оқиғаны жазады.

«Нұрекең біздің үйден аттанар күні жақын достар түгел жиналдық. Нұрекең өз қолынан сарқыт асатты бізге. Бірақ қоштасуы сондай ауыр болды, біз жылауға жақын едік.

Апам киініп отырған Нұрекеңе тақау отыра беріп:

– Нұреке! –деді дауысы дірілдеп. – Аз ғана күн сұхбаттас болдық, өз қолымнан дәм таттырғаныма қуаныштымын. Сіз жүремін дегенге мен де, мына Әбділдә да қиналып отырмыз. Шын сөзім, қимаймыз сізді, Нұреке, – деді жылай жаздап. Содан соң өзін мықтап іштей ширатып алып, қайта сөйлеп, қысқа қайырды: – Не қалайсыз, Нұреке, қалағаныңызды алыңыз!» деді. Сендер қимасаңдар, менде қимаймын. Айеке, қимасам да қайтемін, сый құрметтеріңді, ықыластарыңды айта жүремін. Енді жүрер алдымда бата берейін, – деп қарт дұғаға қолын көтерді. Бәріміз де ақын лебізін ұйып тыңдап қалдық. Нұрекеңнің батасы оның біздің үйде айтқан соңғы жыры болды. Барлық жақсылықтарды бізге, біздің отбасымызға тілей келіп:

– Іші томпайған келінім аман босансын, ұл тусын! Сол ұл Айманкүл, Әбділдә сендерге баянды болсын! Мына домбыра маған баянды болсын! – деп бетін сипады. Мен: «Әумин» деп қимас домбырамды қимас атаның қолына ұстаттым».

Қалай болған күнде де Жұбанов домбырасы өнерді шын бағалай білетін Тәжібаевтың отбасында сақталды. Одан оның пернесінен жыр төккізетін Нұрпейіс ақынға бұйырды. Қара домбыраның қасиеті де осында жатыр.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4258 **Тапсырыс №414**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ